

Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Павлодар облыстық мәслихатының 2005 жылғы 7 қазандағы N 68/14 шешімі. Павлодар облысының әділет департаментінде 2005 жылғы 8 қарашада N 3051 тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1 тармағының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңы 11 бабының 3) тармақшасына, Ақсу қаласы әкімдігі мен мәслихатының (III сайланған XV сессия) 2005 жылғы 24 тамыздағы "Павлодар облысы Ақсу қаласының Қалқаман кентін ауылдық елді мекеннің санатына жатқызу туралы" N 124/15 және 2005 жылғы 24 тамыздағы "Павлодар облысы Ақсу қаласы Ақжол ауылдық округінің Юбилейное ауылын тарату туралы" N 125/15 бірлескен шешіміне, облыс әкімдігінің 2005 жылғы 3 қазандағы "Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы" N 29618 қаулысына сәйкес және Ақжол ауылдық округі Қалқаман кенті тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, облыстық мәслихат пен облыс әкімдігі **ШЕШІМ ЕТЕДІ** :

1. Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімшілік-аумақтық құрылысына мынадай өзгерістер енгізілсін :

Павлодар облысы Ақсу қаласының Қалқаман кенті ауылдық елді мекеннің санатына ж а т қ ы з ы л с ы н ;

Павлодар облысы Ақсу қаласы Ақжол ауылдық округінің Юбилейное ауылы елді мекен мәртебесінің айырылуына байланысты кейіннен есептілік деректерден шығарылып және оның аумағы Павлодар облысы Ақсу қаласы Ақжол ауылдық округінің Куйбышев ауылының құрамына енгізіліп отырып таратылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың азаматтардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау және ақпараттық саясат жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы

А. Касицин

Облыс әкімі

Қ. Нұрпейісов

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Р. Гафуров